

Бақылау:  
2019ж. 28.06.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 14 наурыз

Алматы қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

№ 13

город Алматы

**Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі операциялық  
күнінің графигін,  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі көрсететін қызметтер  
үшін төленетін ақының  
түрлері мен мөлшерлерін  
бекіту туралы**

**(Өзгерістер мен толықтырулар:  
1) ДКҚ № 177 2018ж. 26.12.)  
2) ДКҚ № 49 2019ж. 28.06.)**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 25-тармағының екінші бөлігі 14) тармақшасының алтыншы және тоғызыншы абзацтарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операциялық күнін ұйымдастыру мен басқару және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін қызметтер үшін төленетін ақының түрлері мен мөлшерлерін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі операциялық күнінің графигі (бұдан әрі – График) бекітілсін.
2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін қызметтер үшін төленетін ақының түрлері мен мөлшерлері (бұдан әрі – Тарифтер) бекітілсін.
3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және оның ведомстволары, екінші деңгейдегі банктердің тарату комиссиялары және екінші

деңгейдегі банктердің уақытша әкімшіліктері төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырғаны үшін Тарифтерді төлеуден босатылсын.

4. Кастодиандық шарттың шегіндегі қызметтер үшін Тарифтер жасалған шарттың талаптарына сәйкес айқындалсын.

5. Графикте көзделген уақыттан кейін қабылданған, Графикте көрсетілген төлем және өзге құжаттар келесі операциялық күні орындалсын.

6. Төлемдерді (операцияларды) жүргізген кезде Графикте және Тарифтерде көрсетілген төлем және өзге құжаттарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшесі басшылығының шешімі бойынша Графикте көзделген уақыттан кейін қабылдауға және орындауға рұқсат берілсін.

7. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі операциялық күнінің графигін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін қызметтер түрлері мен олар үшін төленетін ақы мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 159 қаулысының күші жойылсын.

8. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған күннен кейінгі күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді.

9. Монетарлық операцияларды есепке алу басқармасы (Баймұқанов Ж.С.) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде банктік шоттары ашылған клиенттеріне жіберсін.

10. Осы қаулының<sup>1</sup> орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

**Ұлттық Банк  
Төрағасы**

**Д. Ақышев**

Дұрыс:  
Бас маман-ҚРҰБ Директорлар кеңесінің хатшысы

М. Саитова

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі операциялық күнінің графигін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін қызметтер үшін төленетін ақының түрлері мен мөлшерлерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
 Директорлар кеңесінің  
 2018 жылғы 14 наурыздағы № 13  
 қаулысына  
 1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операциялық күнінің графигі**

| Р/с № | Қызметтер түрі                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Уақыты <sup>1</sup>                                                                                                                                                |
|-------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | <p>Клиенттен SWIFT жүйесі бойынша, Банк-Клиент<sup>2</sup> жүйесі бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- теңгемен</li> <li>- АҚШ долларымен/ ЕУРО-мен/Ресей рублімен</li> <li>- басқа валюталармен төлем құжатын қабылдау</li> </ul> <p>Клиенттердің пайдасына шетел валютасымен төлем құжатын қабылдау</p> | <p>сағат 17-00-ге дейін<br/> сағат 16-00-ге дейін<br/> корреспондент-банктердің талаптарына қарай</p> <p>сағат 18-00-ге дейін</p>                                  |
| 2     | <p>Клиенттен басқа байланыс арналары бойынша қағаз тасымалдағышта:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- теңгемен</li> <li>- АҚШ долларымен/ ЕУРО-мен/ Ресей рублімен</li> <li>- басқа валюталармен төлем құжатын қабылдау</li> </ul>                                                                               | <p>сағат 16-00-ге дейін<br/> сағат 13-00-ге дейін<br/> корреспондент-банктердің талаптарына қарай</p>                                                              |
| 3     | Инкассолық өкімдерді, клиенттердің банк шоттарына қойылатын төлем талаптарын қабылдау                                                                                                                                                                                                                                      | сағат 13-00-ге дейін                                                                                                                                               |
| 4     | <p>Қолма-қол ақшаны алуға/резервтеуге:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қолма-қол ақшаны алу күні қарсаңында</li> <li>- қолма-қол ақшаны алу күні өтінімдер қабылдау</li> </ul>                                                                                                                                | <p>жергілікті уақыт бойынша сағат 17-00-ге дейін<br/> Ұлттық Банк филиалдарының<sup>3</sup>, Ұлттық Банк Орталығының<sup>4</sup> жазбаша хабарламасы негізінде</p> |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                              |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5  | Төлем хабарламаларын төлем жүйелеріне жіберу                                                                                                                                                                                                                                                  | осы жүйе жұмысының регламентіне сәйкес                                                                                                                                                                       |
| 6  | Ұлттық Банктің Алматы қалалық филиалын қоспағанда, Ұлттық Банк филиалдарының және Ұлттық Банк Орталығының ұлттық валютамен қолма-қол ақшаны қабылдауы және беруі                                                                                                                              | сағат 13-00-ге дейін                                                                                                                                                                                         |
| 7  | Шетел валютасымен қолма-қол ақшаны қабылдау және беру:<br>- Ұлттық Банктің Орталығында<br>- Ұлттық Банктің Алматы қалалық филиалын қоспағанда, Ұлттық Банктің филиалдарында                                                                                                                   | сағат 13-00-ге дейін<br>сағат 15-00-ге дейін                                                                                                                                                                 |
| 8  | Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттің меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасын:<br>- Ұлттық Банктің Орталығында<br>- Ұлттық Банктің Алматы қалалық филиалын қоспағанда, Ұлттық Банктің филиалдарында қабылдау                                                                        | сағат 13-00-ге дейін<br>сағат 15-00-ге дейін                                                                                                                                                                 |
| 9  | Ұлттық Банктің аффинирленген алтынның сертификатталған өлшеуіш күймаларын, инвестициялық және коллекциялық монеталарды, және басқа банк өнімдерін:<br>- Ұлттық Банктің Орталығында<br>- Ұлттық Банктің филиалдарында сатуы және сатып алуы                                                    | сағат 13-00-ге дейін<br>сағат 15-00-ге дейін                                                                                                                                                                 |
| 10 | Мыналардың:<br>- Ұлттық Банк Орталығының<br>- Ұлттық Банк филиалдарының ұлттық валютамен ауыстыру (айырбастау) операциялары, оның ішінде тозған, айналыстан алынған банкноттарды немесе монеталарды және ақаулы (бүлінген) монеталарды айырбастауы                                            | сағат 13-00-ге дейін<br>сағат 15-00-ге дейін                                                                                                                                                                 |
| 11 | Шетел валютасын алдағы конвертациялау сомасы туралы мәліметтерді қабылдау:<br>- 15 000 000 (он бес миллион) АҚШ долларынан астам<br>- 2 000 000 (екі миллион) ЕУРО-дан астам<br>- 1 000 000 (бір миллион) Британ фунт стерлингінен астам<br>- 500 000 (бес жүз мың) Швейцария франкінен астам | конвертациялау күніне дейін екі жұмыс күні бұрын<br>конвертациялау күніне дейін екі жұмыс күні бұрын<br>конвертациялау күніне дейін екі жұмыс күні бұрын<br>конвертациялау күніне дейін екі жұмыс күні бұрын |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                     |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | <ul style="list-style-type: none"> <li>- 50 000 000 (елу миллион) Жапон йенасынан астам</li> <li>- 500 000 (бес жүз мың) Ресей рублінен астам</li> <li>- 250 000 (екі жүз елу мың) Қытай юанінен астам</li> <li>- басқа валюталармен</li> </ul>                                                                                                                                                                             | конвертациялау күніне дейін екі жұмыс күні бұрын<br>конвертациялау күніне дейін екі жұмыс күні бұрын<br>конвертациялау күніне дейін екі жұмыс күні бұрын<br>тараптардың келісімі бойынша                                            |
| 12 | Шетел валютасын конвертациялау /қайта конвертациялау:<br><ul style="list-style-type: none"> <li>- конвертациялауға (қайта конвертациялауға) өтініш қабылдау</li> <li>- клиенттің теңгемен өтеу сомасын аударуы</li> </ul>                                                                                                                                                                                                   | сағат 13-00-ге дейін<br><br>сағат 16-00-ге дейін                                                                                                                                                                                    |
| 13 | Ұлттық Банк Орталығының бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қабылдауы және беруі                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | сағат 13-00-ге дейін                                                                                                                                                                                                                |
| 14 | Шот бойынша үзінді-көшірмені және оған қосымшаны ұсыну:<br>алдын-ала:<br><ul style="list-style-type: none"> <li>- ҚБЕО<sup>5</sup> форматтарында</li> <li>- Банк-Клиент жүйесі бойынша</li> </ul> операциялық күн нәтижелері бойынша:<br><ul style="list-style-type: none"> <li>- ҚБЕО форматтарында</li> <li>- ҚААТЖ<sup>6</sup> жүйесі бойынша</li> <li>- SWIFT жүйесі бойынша</li> <li>- қағаз тасымалдағышта</li> </ul> | сағат 16-30-ға және 19-30-ға дейін<br>операциялық күн ішінде<br><br>сағат 22-00-ден 05-00-ге дейін<br>келесі операциялық күні сағат 11-00-ге дейін<br>келесі операциялық күні сағат 10-00-ге дейін<br>келесі операциялық күн ішінде |

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операциялық күнінің басталу уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 9-00-ден бастап (Қазақстан Республикасының тиісті аймағында (қаласында) белгіленген уақыт), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операциялық күнінің аяқталу уақыты – егер Графикте өзгеше көзделмесе, Алматы қаласының уақыты

<sup>2</sup>Қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі

<sup>3</sup>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары

<sup>4</sup>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы)

<sup>5</sup>«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны

<sup>6</sup>Ұлттық Банктің және (немесе) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының Қаржылық автоматтандырылған ақпарат тасымалдау жүйесі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Директорлар кеңесінің  
2018 жылғы 14 наурыздағы № 13  
қаулысына  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін қызметтер үшін төленетін  
ақының түрлері мен мөлшерлері**

| <b>P/c<br/>№</b>                                                               | <b>Қызметтердің атауы</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <b>Төлем мөлшерлері</b>                                                                                                      |
|--------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>1. Ұлттық және шетел валюталарымен банк шоттарын ашу, жүргізу және жабу</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                              |
| 1.1                                                                            | Банк шотын ашу, жабу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | тегін                                                                                                                        |
| 1.2                                                                            | Банк шоты бойынша сыйақыны есептеу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | есептелмейді, жинақ шоттарын және бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның корреспонденттік шотын қоспағанда |
| 1.3                                                                            | Банк шотындағы ақша қалдығы бойынша комиссия (теріс пайыздық мөлшерлеме)                                                                                                                                                                                                                                                                            | корреспондент банктердің талаптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімі бойынша                       |
| 1.4                                                                            | Ақшаны есепке алу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | тегін                                                                                                                        |
| 1.5                                                                            | Ұлттық және шетел валюталарымен банк ішінде ақша аудару<br><br>Мыналар:<br>- Банк-Клиент <sup>1</sup> жүйесі бойынша<br>- ҚААТЖ <sup>2</sup> , SWIFT жүйелері бойынша, қағаз тасымалдағышпен немесе резервтік байланыс арналарын пайдалану арқылы жіберілген ұлттық валютамен сыртқы ақша аударымдары<br>Шетел валютасымен сыртқы ақша аударымдары: | тегін<br><br>100 теңге<br>400 теңге                                                                                          |

|                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                         |
|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                   | <p>- АҚШ долларымен/ ЕУРО-мен/ басқа валюталармен;</p> <p>- Ресей рублімен</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <p>20 АҚШ доллары/20 АҚШ долларына балама шот валютасындағы сома</p> <p>5 АҚШ доллары/5 АҚШ долларына балама шот валютасындағы сома</p> |
| 1.5-1                                             | Операция жүргізілген күні Ұлттық Банктің шетел валюталарының теңгеге қатысты ресми бағамын қолдана отырып бір шетел валютасын басқасына айырбастау бойынша операциялары Ұлттық Банкте шетел валютасында банк шоттары бар мемлекеттік мекемелер, Ұлттық Банктің ұйымдары, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі ұйымдар, банктің уақытша әкімшілігі (банктің уақытша әкімшісі) үшін Ұлттық Банктің операциялық күні графигінің 11 және 12-тармақтарында белгіленген Ұлттық Банктің операциялық күнінің уақыты ішінде жүзеге асырылады | тегін                                                                                                                                   |
| 1.6                                               | Кері қайтарылмайтын, жабылған аккредитивтермен операциялар (Халықаралық сауда палатасы әзірлеген құжаттамалық аккредитивтерге арналған бірегейлендірілген қағидалар мен дәстүрлерге сәйкес)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нақты шығыстары                                                                                  |
| 1.7                                               | Қатысушылардың банкаралық ақша аудару жүйесінің операциялық күнін ұзарту туралы өтініші негізінде қатысушылардың төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырмауы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 10 айлық есептік көрсеткіш                                                                                                              |
| <b>2. Қолма-қол шетел валютасымен операциялар</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                         |
| 2.1                                               | Қолма-қол шетел валютасын (тозған, айналыстан шығарылған) өткізу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | клиент пен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасындағы шарт талаптарына сәйкес                                                    |
| 2.2                                               | Қолма-қол шетел валютасын беру (ол Ұлттық Банк филиалының <sup>3</sup> және (немесе) Ұлттық Банк Орталығының <sup>4</sup> айналым кассасында болған кезде)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | клиент пен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасындағы шарт талаптарына сәйкес                                                    |

|                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                   |
|------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2.3                                      | Қолма-қол шетел валютасын сату мәмілелері бойынша комиссиялық сыйақы:<br>- Алматы қаласында<br>- Нұр-Сұлтан қаласын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының өңірлерінде                                                                                                                                                                                                                                                   | мәміле көлемінің 0,18%-ы<br>мәміле көлемінің 0,23%-ы                                                              |
| 2.4                                      | Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттің меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасын қабылдау, есепке алу және сақтау                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | тегін                                                                                                             |
